



## Шанхай ынтымақтастық ұйымы

Орындаған: Елеукен Аида  
Мп-51к

# Қарастырылатын сұрақтар

## I Лекция

- ШЫҰ қандай ұйым? (Құрылуы, тарихы)
- ШЫҰ органдары
- Негізгі құжаттар
- ШЫҰ міндеттері мен мақсаттары
- ШЫҰ қағидалары
- ШЫҰ-на ҚР мүше болуының маңызы

## II Семинар

- Сөзжұмбақ
- Есеп
- Тест
- Викторина

# ШЫҰ қандай ұйым ?



**ШЫҰ – белгілі бір күштерге қарсы қимылдайтын әскери одақ немесе тұйық қоғамдастық емес. Ол – халықаралық ынтымақтастыққа ұмтылған ашық ұйым. ШЫҰ-ның қазіргі жағдайдағы мән беретін мәселелері – аймақтағы бейбітшілікті, тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтау, әсіресе, сауда–экономикалық ынтымақтастықтың дамуы.**

1996 жылы «Шанхай бестігі» деп атаумен құрылған халықаралық ұйым. Құрылтайшылар болып алдынан Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан кірген. ШЫҰ мүше мемлекеттері – Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан болып табылады.

ШЫҰ жанындағы байқаушы мәртебесіне ие мемлекеттер - Монғолия (2004 жылдан бастап), Үндістан, Иран, Пәкістан (2005 жылдан бастап) және Ауғанстан (2012 жылдан бастап).

ШЫҰ сұхбат бойынша әріптес мәртебесіне ие мемлекеттер – Беларусь пен Шри-Ланка (2009 жылдан бастап) және Түркия (2012 жылдан бастап).



ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ШЫҰ (БАЙҚАУШЫ ЖӘНЕ СҰХБАТ БОЙЫНША  
ӘРІПТЕС МӘРТЕБЕСІНЕ ИЕ МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН БІРГЕ) – 3  
МИЛЛИАРДТАН АСА ТҰРҒЫН САНЫ (ӘЛЕМДЕГІ ХАЛЫҚ  
САНЫНЫҢ 50%). ҰЙЫМНЫҢ ҚҰРАМЫНА БҰҰ ҚАУІПСІЗДІК  
КЕҢЕСІНІҢ ЕКІ ТҰРАҚТЫ МҮШЕСІ ЖӘНЕ ЯДРОЛЫҚ  
ДЕРЖАВАЛАР (ҚХР ЖӘНЕ РФ), ӘЛЕМДЕГІ ХАЛЫҚ  
САНЫНЫҢ ЕҢ КӨП ЕКІ МЕМЛЕКЕТІ (ҚХР ЖӘНЕ ҮНДІСТАН)  
ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ ЭНЕРГИЯНЫ ЕҢ КӨП ТҰТЫНУШЫ



# ШЫҰ-НЫҢ НЕГІЗІ

Шекара аумағында  
әскери саласында  
сенімді нығайту  
туралы Шанхай  
келісімі (1996 жылы)

Шекара аумағында  
қарулы күштердің  
өзара қысқартылуы  
туралы Мәскеу  
келісімі (1997 жылы)

# Екі тарихи келісім

Біріншісіне қол қою үшін 1996 жылы Шанхай қаласында бес мемлекет басшысы кездесіп, ол «Шанхай бестігі» деген атауға негіз болды.

Шанхайдағы, оған ілесе бір жылдан кейін Мәскеуде өткен саммиттер алты жылдан соң көп жақты ынтымақтастық ұйымына айналған құрылымның негізін қалады.



# ШЫҰ құрылуы

ШЫҰ осы өңірдегі мемлекеттердің қауіпсіздік және сенім шараларын нығайту мәселелерін бірлесіп шешу ұмтылысының нәтижесінде пайда болды. Ұйымның мүдделері саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларға таралды

Терроризм, экстремизм және тағы басқа сыртқы қауіптер аймақтағы мемлекеттерді ШЫҰ-ның құрамында бірігуге итермелейді.

# ШЫҰ-НЫҢ ОРГАНДАРЫ

- Мемлекет Басшыларының Кеңесі
- Үкімет Басшыларының Кеңесі
- Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі
- Министрліктер және/немесе ведомстволар басшыларының Кеңесі
- Ұлттық Үйлестірушілердің Кеңесі
- Хатшылық
- Өңірлік Терроризмге Қарсы Құрылым (ӨТҚҚ)
- ӨТҚҚ Кеңесі

**ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің мемлекет басшыларының кеңесі - ШЫҰ жоғары органы болып табылады. Кеңес басымдылықтарды белгілеп, Ұйым қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды, оның ішкі құрылымы мен жұмыс істеуінің негізгі мәселелерін шешеді, басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасын реттейді, сонымен қатар халықаралық өзекті мәселелерді қарастырады.**

**ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Үкімет  
басшыларының (премьер-министрлер)  
кеңесі – Ұйым шеңберінде сауда-  
экономикалық ынтымақтастық  
саласындағы өзара ықпалдастықтың  
негізгі мәселелерін қарайды және  
шешеді, Ұйым бюджетін қабылдайды.**

**ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің кеңесі – Ұйымның ағымдағы қызметінің, мемлекет басшылары кеңесінің отырысына дайындық, халықаралық мәселелер бойынша Ұйым шеңберінде консультациялар өткізу мәселелерін қарайды. Қажет жағдайда Кеңес ШЫҰ атынан мәлімдеме жасай алады.**

**ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық үйлестірушілерінің кеңесі – Ұйымның ағымдағы қызметін үйлестіруді және басқаруды жүзеге асыратын орган. Кеңес Мемлекет басшылары, Үкімет басшылары және Сыртқы істер министрлері кеңестеріне дайындық жұмыстарын жүргізеді.**

**ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдары – Пекиндегі Ұйым Хатшылығы мен Ташкенттегі Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының (АТҚҚ) Атқарушы комитеті Ұйым алдындағы негізгі міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады.**

**2001 жылғы Шанхай Саммитінде  
терроризм, сепаратизм және  
экстремизмге қарсы күрес  
туралы келісімшарт негізінде  
ӨТҚҚ құрылды. ӨТҚҚ-ның  
Атқарушы Комитеті 2004 жылдан  
бері Ташкентте жұмыс істейді.**





# Негізгі құжаттар:

- \*ШЫҰ Хартиясы
- \*ШЫҰ-ны құру туралы декларация
- \*Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы
- \* Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт
- \*ШЫҰ Рәсімдер ережелері
- \*ШЫҰ Хатшылығы туралы Ереже
- \*Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитетінің Регламенті
- \*ШЫҰ жанындағы байқаушы мәртебесі туралы Ереже
- \*ШЫҰ-ның сұхбат бойынша серіктесі мәртебесі туралы Ереже

# 2002 жылғы 7 маусымда Санкт–Петербургте ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының екінші кездесуінде үш маңызды құжат жасалды:

- 

ӨТҚК туралы келісімі

ШЫҰ Хартиясы

ШЫҰ-ның мүше  
мемлекеттері  
басшыларының  
мәлімдемесі.

2003 жылғы 29 мамырда Мәскеу қаласында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кездесуінде Ұйымның бюджетін қалыптастыру және орындалуының тәртібі туралы келісімге қол қойылды.



2003 жылы 23 қыркүйекте Пекинде Үкімет басшылары Кеңесінде сауда–экономикалық, көлік, энергетика салаларындағы қарым–қатынасты одан әрі дамыту туралы мәселелер талқыланды. Көп жақты сауда–экономикалық ынтымақтастықтың Бағдарламасы, ШЫҰ-ның 2004 жылғы бюджеті және тағы басқа қаржы құжаттары қабылданды.



## ШЫҰ тұрақты даму мен кедейшілікті жою үшін қажетті жағдайлар жасауға нақты жәрдемдеседі және мынандай мәселелерді қамтуы тиіс:

1

- мүше мемлекеттер қауіпсіздік кеңестері хатшыларының кездесу тетіктерін белсенді пайдалану
- мүше мемлекеттердің сыртқы саяси, ішкі экономикалық, құқық қорғау органдарының арнайы қызметтер мен қорғаныс ведомстваларының тығыз ынтымақтастығын дамыту;

2

- өңірде бейбітшілікке, қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қатер төндіретін ахуалға ШЫҰ-ның бірлесіп әрекет етуінің тиімді шаралы мен тетіктерін талдап- жасау;

3

- антитеррорлық шараларды бірлесіп жоспарлау және өткізу
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде ұлттық жарнамаларды үйлетіру;

# ШҰҰ-НЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ МЫНАЛАР:



мүше мемлекеттер арасында өзара сенімді, достықты және тату көршілікті нығайту;

- жан-жақты және тең деңгейдегі экономикалық өсімге, әлеуметтік және мәдени дамуға оң ықпал ету;



- әлемдік экономикаға интеграциялану қадамдарын үйлестіру
- өзге мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас қалыптастыру әрі дамыту



- халықаралық жанжалдардың алдын алу мен оларды бейбіт реттеуде өзара іс-қимыл жасау;
- ХХІ ғасырда пайда болатын проблемаларды шешудің кілтіні бірлесіп іздеу

# Қағидалары:

ШЫҰ келесідей негізгі қағидаттарды ұстанады: БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптерін ұстану; тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара күш қолданбау және қолданамын деп қоқанлоқы кәрсетпеу; барлық мүшелердің тең құқықтығы; барлық мәселелерді өзара кеңесу арқылы шешу; басқа мемлекеттерге немесе ұйымдарға қарсы бағытталған одақтарға бірікпеу; басқа мемлекеттермен және аймақтық ұйымдармен әртүрлі диалогқа, пікір алмасуға жүгіну, әріптестікке ашықтық және даярлық. ШЫҰ қарулы күштерді қысқартуға, қауіпсіздікке әріптестік жолымен қол жеткізуге, діңгегі одақтастық емес, әріптестік болып табылатын жаңа сипаттағы мемлекетаралық қатынастарға, аймақтық әріптестіктің жаңа үлгісіне негізделген қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын толық қолдайды. Бүгінгі таңда ШЫҰ шеңберіндегі әріптестік қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын (қауіпсіздік, көлік, мәдениет, төтенше жағдайлардың алдын алу, салдарын жою; құқық қорғау қызметі және т.б.) қамтиды



## ШЫҰ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РӨЛІ

Қазақстан үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысудың маңызы орасан. Қазақстан ШЫҰ-ға үлкен маңыз береді әрі өзінің ұйымның қалыптасуын ұйымдастыруға қатысуын басым міндет деп санайды. Басқаша айтқанда, ШЫҰ Қазақстанның сыртқы саясатында аса маңызды орын алады, себебі Қазақстан Евразия кеңістігендегі территориясы мен табиғат байлығы орасан мемлекеттердің бірі болып есептеледі.

Сондықтан Қазақстан бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты бекемдеу және көп қырлы ынтымақтастықты қолдауға үлес қосуға қабілетті құрылым мүше мемлекеттер арасында өзара сенімді, достықты және тату көршілікті нығайту барысында маңызды роль атқаруда.

ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жасампаздықпен белсенді жұмыс жүргізген жағдайда Ұйым аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен салмаққа ие бола алады және ие болуы тиіс. Бұған ШЫҰ-ның әлеуеті әбден жетеді.



Астанада ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Жоғарғы соттары  
төрағаларының кезекті ІХ кеңесі (4.09.2014ж.)






**Талқылау қорытындысы бойынша Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Жоғарғы соттары төрағаларының құқық үстемдігін бірлесе ілгерілету, сондай-ақ адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау мақсатында өзара іс-қимыл мен серіктестікті күшейту жөніндегі тоғызыншы кеңесінің бірлескен мәлімдемесіне қол қойылды.**

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылғанына жеті жыл толды. Дүйсенбі күні Қазақстан парламентінің сенаты жалпы отырысында «Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше елдердің арасындағы бірлескен әскери оқу-жаттығуларды өткізу туралы келісімді бекіту жөніндегі» заң жобасын қабылдады.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!**



## Есеп

Иранның қазіргі жағдайы бәрімізге мәлім. БҰҰ Қауіпсіздік коммитеті Иранға санкция жариялаған болатын. Енді оның ШЫҰ толық мүше болып қайта кіре алады ма? ШЫҰ осыған байланысты қандай алғышарттарын білесіздер?

# Викторина



**Ресей**

**ШЫҰ Ең жоғарғы органы қалай  
аталады және сол туралы  
мәлімет айтып беріңіз**

**Қытай**

**ШЫҰ мақсаты мен міндеттерін  
атап беріңіз**



# Қазақстан


Қазақстанның ШЫҰ алатын орны  
олардың байланысы,  
маңыздылығы туралы айтып  
беріңіз

**Қырғызстан**

**ШЫҰ-НЫҢ маңызды құжаттарын  
атаңыз**

**Тәжікстан**

**ШЫҰ негізі қандай келісімдер  
болып табылады?**



1. 1996 жылы Шекара аумағында әскери саласында сенімді нығайту туралы қабылданған келісім
2. Сұхбат бойынша әріптес мәртебесіне ие мемлекеттер
3. ШЫҰ жанында әріптес мәртебесіне ие мемлекеттер
4. ШЫҰ органы
5. ШЫҰ жанында байқаушы мәртебесіне ие мемлекет
6. Шанхай бестігіне кіретін мемлекет